



**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2012 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін және ата-аналар төлемінің мөлшерін бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 16 тамыздағы N 257 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 26 қыркүйекте N 2131 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы N 324 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 20.08.2014 № 324 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 5-1) тармақшасына сәйкес, облыс әкімдігі  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру 1-қосымшаға және ата-ананың ақы төлеу мөлшері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Алматы облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Ғ.М.Аманова) осы қаулының 1-тармағына сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-аналар төлемін және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Мұқановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі* *А. Мұсаханов*

Алматы облысы әкімдігінің  
"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2012 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін және ата-аналар төлемінің мөлшерін

бекіту туралы " 2012 жылғы  
 16 тамыздағы N 257 қаулысына  
 1-қосымша

**Жылына бір балаға есептелінген мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі**

N р.с.	Шығынның атауы	Бір баланың орташа шығыны	
		Шығынның мөлшері	Сомасы (теңге)
	Шығындар жиынтығы		197846
1	Аударым мен коса еңбекақы	Тарификация бойынша	175447
2	Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығыны	Нақты шығын мөлшері	960
3	1 балаға жылына шығатын байланыс қызметінің шығыны	ең төменгі айлық есептік көрсеткіштің 1/4 мөлшері	405
4	1 балаға жылына материалдар сатып алуға шығатын шығындар (ойыншықтар, түрлі-түсті қарындаштар, қағаздар және тағы басқа заттар)	ең төменгі айлық есептік көрсеткіштің есе мөлшері	8090
5	1 балаға жылына ағымдағы жөндеу жұмыстарына кететін шығындар	ең төменгі айлық есептік көрсеткіштің есе мөлшері	8090
6	1 балаға шаққанда жылына біліктілік арттыру шығыны	ең төменгі айлық есептік көрсеткіштің мөлшері	1618

Алматы облысы әкімдігінің  
 "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2012 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін және ата-аналар төлемінің мөлшерін бекіту туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы N 257 қаулысына  
 2-қосымша

**2012 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

N р.с.	Мемлекеттік ата-ананың ақы төлеу мөлшері	балабақшадағы	Жекеменшік ата-ананың мөлшері	балабақшадағы ақы төлеу
1	айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын	6 есе	айлық есептік көрсеткіштің 10 есе мөлшерінен аспайтын	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК